**“Павлодар қаласының №24 жалпы орта білім беру мектебі” КММ**
**Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы**
**№ 1 хаттама**

**Күні:** 21.08.2024 ж.

**Қатысқандар:** 14
**Қатыспағандар:** 3
**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:**

1. Шолохова М.К-төрайымы
2. Бекова Б.К – хатшысы
3. Аллаярова А.Б – кеңес мүшесі
4. Слывоцская В.В -кеңес мүшесі
5. Масакбаева Д.Б -кеңес мүшесі
6. Солопова Л.Н -кеңес мүшесі
7. Карасартова Г.Б -кеңес мүшесі
8. Берестова А-кеңес мүшесі
9. Аубакирова Д.Е-кеңес мүшесі
10. Кабдыкалыкова Д.М-кеңес мүшесі
11. Кожаниязова Д.Б – кеңес мүшесі
12. Смагулова Ж.С – кеңес мүшесі
13. Бейсембаева А.Т – кеңес мүшесі
14. Паненко Л.А-кеңес мүшесі

**Мектеп басшысы:** А.Е.Солтанбекова
**БТЖО:** Ж.Е.Омарова

**Күн тәртібінде:**

1. “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы. «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынының өтілуі туралы.
2. Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар. Мектеп жарғысымен танысу (мектептің ішкі ережесін сақтау, мектеп формасы, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережесі).
3. Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттар.
4. «Мектепке жол» акциясына қатысу.

**Тыңдалды:**

1. Бірінші сұрақ бойынша басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Е.Омарова сөз сөйлеп, биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері, 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы “Біртұтас тәрбие” бағдарламасының негізгі ережелеріне сәйкес

ұйымдастырылатыны және «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынының өтілуі туралы айтылды. 1 қыркүйек - Білім күніне орай 1,11 сыныптар үшін «Мектебім – мейірім мекені!» атты салтанатты жиын өтетін болады.

2. Екінші сұрақ бойынша басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Е.Омарова сөз сөйлеп, мектептің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру барысында бұйрыққа сай мектеп ережесін сақтау, мектеп формасы туралы айтып өтті. Гульбаршын Сериковна Мектеп жарғысымен (мектептің ішкі ережесін сақтау, мектеп формасы, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережесі) таныстырып өтті. "Оқушыларға арналған ережелер" тармағында "Оқушылардың сыр-келбеті" жайлы айтылып, бекітілген мектеп формасын кию, қыздарға опадалап жақпау, шашын тжинау, түрлі түске боямау, тырнақ өсірмеу, ұлдар шаштарын уақытылы қию туралы айтылып, мектеп ішінде орамал, бандана, қалпақ, панам, классикалық аяқ киім, спорттық аяқ киім (кроссовки, кеды) күнделікті киюге болмайтынын ортаға салды.

Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар:

5. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі - мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсіклассикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді аралыстыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден тандалады.

6. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

7. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

2024-2025 оқу жылында 1-11-сынып оқушыларының мектеп формасы «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасы туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 534 бұйрығының негізінде мектеп оқытудың зайырлы сипатына сәйкес:

✅ Ұлдардың формасы: қара-көк түсті (темно-синий) пиджак, жилет, шалбар, күнделікті ақ жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, ақ водолазка болады) Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы қажет;

✅ Қыздардың мектеп формасы: қара көк түсті (темно—синий) пиджак, жилет, қара-көк түсті юбка (юбка ұзындығы тізеден төмен болу керек), классикалық ақ жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, ақ водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы қажет.

✅ Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық қара шалбар, куртка, ақ футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовки, кеды) тұрады.

✅ Мектеп формасына түрлі ❌ діни аксессуарлар, джинсы, слакси шалбарлар,

тениска, футболка, қысқа, тор, кожа юбкалар сияқты қатысты киім элементтерін қосуға болмайды ✕ Шашты түрлі түсті бояуға, тырнақ ұзартуға және бояуға, шаш жаюға болмайды.

Сонымен қатар Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселермен заттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикавсы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы №235 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2021 жылғы 28 мамырда №22857 болып тіркелді. Мектеп қаулысында жазылған жалпы тәртіп ережелерін сақтау, өрт қауіпсіздігі, жол ережелерін сақтау, бейбақ сөз қолданбау, мектеп мүлігін бұзбау, т.б туралы жазылғанын айтты.

3. БТЖО Ж.Е. Омарова «Мектепке жол» акциясына қатысу төртінші мәселе бойынша сөз сөйледі. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы жүргізіліп жатқанын, соған байланысты өтіліп жатқан іс-шараларға тоқталды.

**Шешімі:**

1. Білім алушыларға мектеп формасы кию көк классикалық стильде, классикалық аяқ киім, (кроссовки, кеды) күнделікті киюге қатаң сақталсын.

Мектептің ішкі тәртіп ережесінде жазылған талаптар (мектептің ішкі ережесін сақтау, мектеп формасы, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережесі) орындалсын.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:**
**Шолохова Майгуль Кабдыл-Окаповна**

**Хатшы:** **Бекова Б.К**